

І ТУЫ

ОМИТЕТИНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ПРОПАГАНДА КАЛАЛЫҚ КОМИТЕТИНІҢ ГАЗЕТИ

апрель Сенбі

Шығуына 33 жыл
жеке саны 20 тыйын.

жедел лсін

құрылыс материал-
ы жеткізілмеуінен
і. Ал, шынында
есшілардың өздері-
алдын- ала мате-
ісін тыңғылықты
нан болғандығын
н.

ылыс ұйымдарының
ің сапасы мейлінше

Кейде қалалық
ашылық күрделі
үте тиісті пәтер
ы жөндеуден ғана
ында көріне көзге
сапасыздыққа жол
ы мемлекет қаржы-
жұмысты қайталап
ыз жұмсауына әке-

с ұйымдары өткен
өңгерген жаңа меха-
ы, еңбекті көп керек
ысы учасктерінде
ры сыяқты қуат-
ыс істей бастады.
бе -күнгі жұмыста
сі талаптарға сай
ылық канализация
азу жұмыстарының

Май мерекесі қарсаңындағы
жарыс

Малшылардың тартуы

Өткен жылы «Жизнь» колхозының (Преснов ауданы) колхозшылары мал қыстатуға үлгілі әзірленді. Жемшөп дайындау жоспары толық орындалды. Жемшөп ерте бастан-ақ қоралар жанына тасылып алынды. Сол сыяқты, мал жылы, жарық қоралармен де жеткілікті қамтамасыз етілді. Малды бағын күтуге тәжірибелі колхозшылар бөлінді. Бұл малдың қысқы бүтімін ойдағыдай ұйымдастыруға қолайлы жағдай турғызды. Бәзір мұнда мал қыстату үлгілі аяқталып келеді. Малдың күйі жаппай жақсы.

Қоғамдық малды қыстан күйлі және шығынсыз шығару жолындағы социалас-тік жарыста ірі қара мал фермасының мал өсірушілері алдыңғы қатарда келеді. Фермада еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылған. Бүкіл қыс бойына әрбір бас малға жемшөп норма бойынша өлшеніп беріліп келді. Бұл малдың қыстан күйлі және шығынсыз шығарылуын қамтамасыз етті. Мұнда, әсерге, ішті малдар айрықша күтімге алынған. Оларға күні бұрын әзірленген жемшөп берілуде.

Төл алу науқаны да ойдағыдай өтіп жатыр. Бәзірдің өзінде 70-тен астам сыйыр бұзаулады. Алынған бұзаулар шығынсыз өсірілуде. Ферманың Коленко жә-

АЛМАТЫ, 17 апрель. (ҚазТАГ). Кеше Қазақ ССР Ғылым академиясының жалпы жыйналысының үш күнге созылған сессиясы аяқталды. Сессия Ғылым академиясы Президиумының Бас ғылыми секретары, республика Ғылым академиясының толық мүшесі Д. В. Сокольскийдің Қазақ ССР Ғылым академиясының 1951 жылғы жұмысының қорытындылары және 1952 жылғы міндеттері туралы баяндамасын талқылады.

Жылдық есеп бойынша жарыссөзде сөйлеген академиктер, республика Ғылым академиясының толық мүшелері, мүше-корреспонденттері, ғылыми қызметкерлер жұмыстың жақсы жақтарымен қатар, ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмысындағы, әсіресе, тіл тарихы мен әдебиет саласындағы елеулі кемшіліктерді атап көрсетті, ғылыми қызметкерлер арасындағы сын мен өзара сынның нашар өріс-

тетілуін, жекелеген мекемелер мен ғалымдардың практикамен жеткілікті байланыс жасамайтындығын, бірқатар аса маңызды ғылыми мәселелерді комплексті түрде шешу қолданылмай келе жатқандығын, ғылыми кадрлардың нашар даярланатындығын және басқа кемшіліктерді атап көрсетіп, академия Президиумының жұмысын сынады.

Есепті баяндама бойынша сессия кең қарар қабылдады. Содан кейін Ғылым академиясының Президентін сайлау болды. Қазақ ССР Ғылым академиясының Президентігіне Қазақ ССР Ғылым академиясының толық мүшесі Д. А. Қонаев сайланды.

Сессияда Қазақстан Қ(б)П Орталық Комитетінің секретары Ж. Шаяхметов жолдас сөз сөйледі.

Сессияға қатысушылар зор өрлеу үстінде И. В. Сталин жолдасқа құттықтау хат қабылдады.

Егіс жұмыстарына ұйымшылдықпен кірісейік

Тығыз ынтымақпен жұмыс істейміз

Быйыл біздің бригада 700 гектар жаздық егіс себеді. Бригада мүшелері социалистік жарысқа ұштаса отырып, 589 гектар дәнді дақылдардың әрбір гектарынан 90 пұттан, ал, оның ішінде 130 гектар мол өнімді учасктерден 120 пұттан өнім алуға міндеттенді. Сол сыяқты, біз 5 гектар темекі, 5 гектар картоп және 1 гектар ояс дақылдарынан жоғары өнім алуды, сөйтіп, колхоздың ақшалай табысын молайтуды негізгі міндет етіп қойып отырмыз.

Бұл міндеттер өздігінен орындалмайды. Ол қажырлылықпен еңбек етуді, мол өнім үшін күрес жолындағы жұмыстың негізгісі атқаратын трактор бригадасымен тығыз ынтымақтасып жұмыс істеуді талап етеді.

Машиналардың қуатын неғұрлым өнімді пайдаланып, трактор бригадасын жақсы қамтуды ерте бастан ойлаған бригада мүшелері көктемгі егіске әзірлікті деркесінде аяқтады. Бригадада тұқым мол. Ол себу шығымдылығына жеткізілген. Құрал-саймандар толық жөндеді. Бәзір алаң қостарын тәртіске келтіруге, егіс алаңдарын тазартуға кірістік.

Көктемгі егісті өткізудің жұмыс және агроэкономикалық жоспары жасалды. Сая-

қымның трактор жүріп бара жатқанда салынуын қамтамасыз етеміз.

Трактор бригадасында смена ауысар кезінде май тасушы, тіркеуші су тасушы сменаның тез ауысуына болысып, смена ауысуға аз уақыт кетуіне жетіспе болып отыр.

Біз трактор және егіс бригадасының бірлесіп өндірістік мәжіліс өткізуін көздеп отырмыз. Мұнда бір күндік жұмыстың қорытындысын шығарып, алдағы міндеттер талқыланбақ.

Біздің бригада өткен жылы минералдық және жергілікті тыңайтқыштарды пайдаланады. Мұның өзі егіннен өнім алуымызға керісінше әсер етті. Бұдан біз тиісті қорытынды шығарып, быйыл жергілікті және минералдық тыңайтқыштарды егістік алаңды қоректендіруге толық пайдаланамыз.

Табыс үшін күрестің негізгі ұйытқысы—социалистік жарыс болып табылады. Бригада мүшелері өзара социалистік жарысқа түсумен бірге, колхоздағы № 4 егіс бригадасын социалистік жарысқа шақырды. Олар біздің шақыруды ықыласпен қарсы алды.

Трактор бригадасымен тығыз ынтымақта жұмыс істеп және тракторлардың

Егіске әзірлік әлі баяу

Полудень ауданындағы «Красный Октябрь» колхозының басшылары көктемгі егіске әзірлік жұмыстарына жеткіліксіз басшылық жасап отыр. Осының салдарынан мұнда егіске әзірлік осы уақытқа дейін аяқталған жоқ.

Колхозда, әсіресе, тұқым тазалау өте баяу. Мәселен, 1800 центнер бидай тұқымның 23 центнері ғана, 287 центнер сұлы тұқымның 21 центнері ғана тазаланып өңіршілік сапаға жеткізілді. Тұқым тазалау және сорттау жұмыстарының мұншалықты баяу жүргізілуінің басты себебі—қолда бар тұқым тазалайтын машиналар іске тиімді пайдаланылмады. Сол сыяқты, бұл жұмысқа колхозшылар да жеткілікті бөлінбеді. Ал, колхоз басшылары барлық мүмкіншілікті пайдаланып, егіске тұқым дайындауды қысқа мерзімде ойдағыдай аяқтауды қамтамасыз етудің шұғыл шараларын қолданбай отыр.

Осымен қатар, мұнда ауылшаруашылық құрал-саймандарын жөндеудің жаңы да мақтарлық емес. Көктемгі егіске аса қажетті плуг, тырма, сеялка сыяқты құрал-саймандар әлі жөнделіп біткен жоқ. Ол-олма, жөндеуден өткен ауылшаруашылық саймандарының бірқатарының сапасы мүлде төмен. Колхоздың егіске әзірлігін тексергенде олардың көп

сатылған қаржының 94,5 проценті ғана пайдаланылды. Ал, үстіміздегі жылдың алғашқы үш айы ішінде қалалық құрылыс ұйымдары коммуналдық үй құрылысына және қаланы көркейтуге босатылған қаржының небәрі 9,9 процентін ғана жұмсады.

Құрылыс ұйымдарының жұмысындағы үлкен кемшіліктердің бірі — жұмысшылар мен қызметшілердің тұрғын үйлерін жөндеу қарқыны өте-өте баяу. Сонымен қатар, жыл сайын тұрғын үй жөндеуге босатылған қаржылар толық пайдаланылмайды. Одетте құрылыс ұйымдарының басшылары мұндай кемшіліктерді

қаржының әрбір тыйыны дұрыс және үнемшілдікпен жұмсалуда тиіс. Құрылыстың өзіндік бағасын кеміту жөніндегі социалистік жарыстың көздейтін түпкі мақсаты да осы.

Жергілікті партия, совет және кәсіподақ ұйымдары құрылыс орындарының жұмысына күнбе-күн нақтылы басшылық жасай, практикалық көмек көрсете отырып, жаңа құрылыстардың мейлінше күшті қарқынмен жүргізілуін, олардың мәдениет және әл-ауқат дәрежесі күн санап өсіп келе жатқан еңбекшілеріміздің игі талаптарына сай жоғары сапалы болуын қамтамасыз етуге тиіс.

—00—

В. И. Лениннің Россияға қайтуының 35 жылдығы

ЛЕНИНГРАД, 16 апрель. (СОТА). Бүгін Ленинградтың және облыстың еңбекшілері дақты күнді — В. И. Лениннің эмиграциядан Петроградқа қайтуының 35 жылдығын құрметтеп өткізді.

Мыңдаған жұмысшылар, қызметшілер, студенттер, мектеп оқушылары бүгін революцияның ұлы көсемінің өміріне және қызметіне байланысты орындарға барды. В. И. Лениннің орталық музейінің Ленчаград қалалық филиалында болды.

«Красная заря» телефон заводының, «Рабочий» жіп иіру комбинатының бір топ жұмысшылары, кеме жасау және кітапхана институттарының студенттері, Ленин ауданының мектеп оқушылары музейдің экспонаттарын көрді. Владимир Ильичтің туған елге қайтуы туралы, Апрель тезистері туралы лекцияларды тыңдады.

Экскурсияшылар музей филиалында биік гранит тұрғының үстіне қойылған броневик жанында көп тоқтады. 1917 жылғы 3 (16) апрельде Финляндия вокзалы жанында В. И. Ленин осы броневиктің үстінде тұрып, өзінің дақты сөзін сөйледі, бұл сөзінде социалистік революцияның жеңуі үшін күресуге шақырды.

Көптеген экскурсияшылар бұрынғы Кшесинская сарайында болды. 1917 жы-

лы бұл сарайда большевиктік партияның Орталық Комитеті болды. Апрельдің 16-на 17-не қараған түні В. И. Ленин Финляндия вокзалынан осы сарайға келді, бұл сарайдың балконынан ол Петроградтың революцияшыл жұмысшылары, солдаттары, матростары алдында сөз сөйледі. Қазір бұл тарихи үйде С. М. Кировтің музейі бар. Экскурсияшылар музейдің экспонаттарын, бұл сарайда В. И. Лениннің және И. В. Сталиннің қандай сөздер сөйлегенін баяндайтын ескерткіш тақталарды аралап көрді.

Ленин көшесіндегі № 48-үйдегі пәтер-музейге көп экскурсияшылар барды. Владимир Ильич 1917 жылы шетелдерден қайтқаннан кейін осы үйде тұрды. Сол сыяқты, Финляндия вокзалы жанындағы алаңда да көп экскурсияшылар болды, бұл алаңның орталығында В. И. Ленинге орнатылған ескерткіш тұр. В. И. Лениннің Петроградқа қайтуының 35 жылдығына байланысты БҚ(б)П аудандық комитеттерінің партия кабинеттерінде, қаланың кітапханаларында Апрель тезистерін және революцияның данышпан көсемдері В. И. Ленин мен И. В. Сталиннің ұлы достығын баяндайтын көрмелер ашылды.

участоктен ешбір кешеуілдемей өтуі үшін үнемі қадағалап бақылап отырумен қатар, графика кіші-гірім бурмаушылықтың өзін дереу түзетіп отырудың шараларын қолдана біледі. Қазір ол май мерекесі қарсаңындағы жарыс күндерінде әрбір составтың уақытты үнемдеуі үшін күресуде.

Д. МӘЛІКОВ.

Мал өсірушілерге көмек

Төлдерді шығынсыз өсіруге барлық күш жұмылдырылсын

Колхоздар мен совхоздардың қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің бесжылдық жоспары туралы қаулысында партия мен үкметіміз партия, совет ұйымдарының, мал шаруашылығы мамандарының, колхозшылар мен совхоз қызметкерлерінің алдына қоғамдық мал шаруашылығын онан әрі өркендете беру сыяқты құрметті міндет қойды. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін советтік озат зоотехникалық және мал дәрігерлік ғылымының жаңа табыстарын, алдыңғы қатарлылардың жұмыс әдістерін іске байыптылықпен пайдалана біліп, сол арқылы мал басып онан әрі өсіруге жетісетін болу керек.

Мал басып өсірудің ғылыми жағынан негізделген әдістерін дұрыс қолдану, малды күту, азықтандыру және бағу жұмыстарын, төл өсіруді тыңғылықты ұйымдастыру және барлық мал басып түрлі індеттерден сақтай білу — міне, қоғамдық мал басып өсірудің кейбір міндеттері осылар. Қоғамдық мал шаруашылығын өркендетуде үздік табыстарға жеткен ғылыми қызметкерлер мен мал өсірушілеріміздің қажырлы еңбектерінің зор табыстары осыны дәлелдейді. Мәселен, ғалымдар Мичуриннің, Лысенконың ғылымдарын қолдана отырып, қара малдың, қой мен ешкінің, шошқаның өнімді көп беретін жаңа тұқымдарын өсіруге жетісті, мұның өзі етті, майды, сүтті, жүнді және басқа да мал шаруашылығы

бригадасы да көктемгі егіске толық әзір. Егіс бригадасы трактор отрядын осы күннен бастап, су және жанар, жағар майын тасушылармен, тіркеушілермен, есепшілермен жеткілікті қамтамасыз етті. Бір сөзбен айтқанда, аталған колхоздың егіс даласында жұмыс істейтін бұл екі бригаданың құрамы толықтырылып нығайтылды.

тыр.
Қазір колті тұжырымдық жоғары мол өнім ал—ті маңса

Соколов

алдын-ала тыңдығын тәжірибесі а Төлдерді қылғанда т ала малдө керек. Бұл міне, азықт бөлінуі қаж

Ішті малд ру, оларды минералдық ғыдай жабд ға жасалаты керек. Буза сайын күн да зор маңс

Ішті малд ерекше жіге Оларға саба туралатын, не туралып ні қосылаты ланысты ш колхозшылар қызметкерле күтіліп, бағ мәселесімен

Мал шар жұмысты ж жеткен мәсә заулардың і күрес ашу Өйткені, ал ғандырылма лар тез іш ды.

Демек, а нең бастап оның бір қ

өнімдерін көптеп өндіруге қолайлы жағдай турғызды.

Төлдерді өсірудің жаңа тәртібін қолданылып жүр, сондай-ақ мал азығындық қорларды тиімді пайдаланудың да жаңа әдістері бар. Колхоздар мен совхоздардың мал фермаларындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстардың бір талайлы механизацияландырылды, бұл жағдай мал өсірушілеріміздің малды азықтандыру, күту, бағу және шығынсыз өсіру күресін де көп жеңілдік келтіріп жүр.

Алдыңғы қатарлы зоотехникалық және малдәрігерлік участоктердің қызметкерлері малдәрігерлік жұмысты ойдағыдай ұйымдастырудың тамаша үлгілерін көрсетуде. Алайда, жас төлдерді шығынсыз өсіруге қолжеткен бұл сыяқты табыстармен бірге мал басып, әсіресе, төлдерді шығынсыз өсіру ісінде бірқатар кемшіліктер бар. Әңгіме көп жерлерде малдарды, әсіресе, төлдерді күтудің, бағудың және азықтандырудың ережелері бұзылып жүргендігі жөнінде болып отыр. Сондай-ақ құнажындарды шағылысқа уақытынан бұрын жіберушілік фактілері де бар. Бұл жағдай құнажындардан туған бұзаулардың көпшілігінің әлсіз болуына әкеліп соғып жүр.

Індеттің алдын алған оңайға түсетіндігі мәлім. Сондықтан бұл мәселеге ерекше көңіл бөлу керек. Өйткені, төлдердің індетке шалдығып, шығынға ұшырамауы малдәрігерлік шараларды

ОЛ


ұйымда-
ндегі төз-
йда, деді
комитетінің
басшылы-

ы орында-
жөк,—деп
ндағы ет-
комитеті-
комсомолец
ы құрылды
ектр стан-
стені, ста-
сетуде. Бір
Қыйыр
ындарына
ыстық ком-
молалары-
ді.

цтер мен
лық жұ-
ы. Деген-
Жұмыс-
үйі нашар.
зға комби-
комсомол
келеді.

ы заводы
ретарьлары
талық ком-
рдің саяси
лекциялық
індігі үшін

аярлайтын
ы ұйымы-
іріленген
аудың ма-
сқа тиісті



Фашист басқыншылары Польша республикасының астанасы Варшаваны аяусыздықпен қыйратты. Үйлердің 80 процентке жуығының күл-талқаны шығарылды. Қалада терезесі бүтін бірде-бір үй қалмады.

Азат етілген поляк халқы кәзір Варшаваны қалпына келтіру жолында батырлықпен еңбек етуде. Кісі тұратын әсем үйлердің, әкімшілік мекемелердің, оқу орындарының, аурухана, балалар бақшалары салынған үйлердің кварталдары көбеюде. Польша астанасы бұрынғыдан да әсем болмақ.

CUPETTE: Маршалковская көшесі.

(СОТА-ның фотохроникасы).

Емтихан тапсырды

Ленин ауданының бірқатар колхоздарында колхозшылардың өндірістен қол үзбей оқыйтын ұшжылдық агро-зоотехникалық курстерінде сабақ үздіксіз жүргізіліп келді. Онда ауыл шаруашылығының шеберлері оқып, өздерінің білімдерін көтеріп, мамандықтарын арттырды.

«Бірлік» колхозындағы агротехникалық топта сабақ бүкіл оқу жылы бойына үздіксіз өткізілді және әрбір сабаққа колхозшылар түгел қатысып отырды. Осының нәтижесінде агротехникалық топта оқу жылы ойдағыдай аяқталды. Колхозшылар оқу программасын толық

Олавскаяның белсенділігі

Псудуень ауданының Бугровое селосындағы орман шаруашылығында дауыстап кітап оқу ұйымдастырылған. Күн сайын жұмыстан кейін орман шаруашылығының ондаған жұмысшылары мен олардың семья мүшелері кең бөлмеге жыйналып, сталиндік дәуірдің алып құрылыстары туралы кітаптарды, одан кейін күнделікті газеттерден жаңалық хабарларды тыңдап отырады. Дауыстап кітап оқуды үй шаруашылығындағы әйел Мария Ивановна Олавская ұйымдастырады.

Бұдан екі жыл бұрын Олавская жолы

Бейбітшілік Шарты үшін!

ХЕЛЬСИНКИ, 17 апрель. (СОТА). Финляндияда Бүкіл дүниежүзілік Бейбітшілік Советінің бес ұлы мемлекеттер арасында Бейбітшілік Шартын жасасу туралы Үндеуіне 720.473 қол қойдырылғандығы хабарланды.

Балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясының жабылуы

ВЕНА, 17 апрель. (СОТА). Кеше кешке Венада балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясы аяқталды. Конференция «Бүкіл дүние жүзінің еркектері мен әйелдеріне арнап балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясының Үндеуін» және балаларды оқыту, балалардың денсаулығын сақтау, балалардың моральдық және мәдени өркендеуіне әдебиеттің, баспасөздің, радионың, киноның және искусствоның әсері туралы қарарлар қабылдады.

Сол сыяқты, конференцияда конференция делегаттары — біртоп христиан пасторларының бүкіл дүние жүзінің еңбекшілеріне арнаған үндеуі оқылды.

Қарарлар қабылданғаннан кейін египет делегациясы конференцияға қатысушылар

дың барлығының пікірін білдіре келіп, осы конференцияны әзірлегені және өткізгені үшін Халықаралық қамқоршы комитетті қызу құттықтады және оның бұдан былайғы жерде де жемісті жұмыс істеуіне тілектестік білдірді.

Председательдік етуші, Халықаралық қамқоршы комитеттің мүшесі Эжени Коттон конференцияны жаба келіп, түрлі саяси көзқарастар мен діни пікірлердегі миллиондаған еркектер мен әйелдердің балаларды жас ұрпақтың бақытты болашағы үшін соғыс хауіпінен және аштықтан қорғау жөніндегі еркін білдірген балаларды қорғаудың Халықаралық конференциясының орасан зор маңызын атап көрсетті.

Кореядағы оқыйғалар

ХАЛЫҚ АРМИЯСЫ БАС КОМАНДОВАНИЕСІНІҢ ХАБАРЫ

ПХЕНЬЯН, 17 апрель. (СОТА). Корей Халық-Демократиялық Республикасы Халық армиясының Бас командованиесі 17 апрельде былай деп хабарлады:

Корей Халық армиясының құрамалары қытайлық халық еріктілері бөлімдерімен тығыз байланыса қыймыл жасай отырып,

бұрынғы шептерде қорғаныс ұрыстарын жүргізуде болды.

Біздің әскерлердің зенит артиллериясы және жау самолетін аңдып атушылар дұшпанның бейбіт елді пункттерге шабуыл жасауға қатысқан самолеттерінің ішінен бір истребителін және «В—26» бір бомбардировщикін атып түсірді.

ЮРИСТ-ДЕМОКРАТТАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АССОЦИАЦИЯСЫ СОВЕТІНІҢ СЕССИЯСЫНДА

ВЕНА, 17 апрель. (СОТА). Бүгін юрист-демократтардың Халықаралық ассоциациясы советінің таңертеңгі мәжлісінде профессор Брандвейнердің АҚШ қарулы күштерінің Кореяда жасаған соғыс

тыңдылары туралы баяндамасы бойынша қабылданатын қарардың жобасы талқыланды.

Сессияға қатысушылар таңертеңгі мәжілістің соңында болған баспасөз конфе-

Жоғарғы дәрежеде болсын

Преснов аудандық ХІІІ комсомол конференциясында аудандық комсомол комитетінің бір жылғы жұмысы туралы ҚЛЖО аудандық комитетінің секретары **Бабақов** жолдас есепті баяндама жасады.

Баяндамашы және жарыссөзге шығып сөз сөйлеуші делегаттар аудан комсомол ұйымының есеп беріп отырған мерзім ішінде қолжеткен табыстарын атап көрсетумен бірге, жұмыстағы кемшіліктердің бетін батыл ашып, қатаң сынға алды.

Ауданның комсомолецтері мен жастары ауылшаруашылық дақылдарының барлық түрлерінен мол өнім алу, қоғамдық мал шаруашылығының санымен бірге өнімділігін арттыру жөнінде ойдағыдай күрес жүргізді. Ондаған комсомолецтер мен жастар социалистік ауыл шаруашылығындағы қажырлы еңбектері үшін өткен жылы ҚЛЖО Орталық Комитетінің және облыстық комитетінің Құрмет грамоталарымен наградалды. Олардың ішінде трактор бригадаларының бригадирлері Маликов және Белоглазов жолдастар бар. Комсомол ұйымдары ұйымдық жағынан нығайып, саяси шынықты. Ауыл шаруашылығының озат жастарынан 574 жігіттер мен қыздар ВЛЖО мүшелігіне қабылданды.

Дегенмен, аудан комсомол ұйымдарының жұмысында әлі де болса іске кедергі келтіретін елеулі кемшіліктер де жоқ емес.

Делегат **Гаврилов, Придворный** және **Давыдов** жолдастар өздерінің сөздерінде аудандық комсомол комитеті комсомолецтер мен жастардың саяси оқуына жете назар аудармайтындығын, осының салдарынан бірқатар жерде саяси мектептер мен үйірмелердің жұмысы мүлдем қанағаттанғысыз ұйымдастырылып отырғанын айтып, фактілер келтірді.

—Сталин атындағы колхоз комсомол ұйымының жұмысында, —деді **Бабенис**

жолдас, —көп кемшіліктер бар. Мұнда ұйымның жұмысы жоспарсыз жүргізіледі, жыл бойына комсомол қатарына бірде-бір адам қабылданбады. Бұл және басқа кемшіліктер жөнінде аудандық комитеттің пленумдарында талай рет сөз болды. Бірақ, не пайда, аудандық комитет ұйымның жұмысын жақсарту жөнінде әлі мардымды ештеңе істеген жоқ.

Аудандық комсомол комитетінің бюро мүшесі **Ибрагимов** жолдас аудандық комитеттің бюро мәжлісін өткізудегі кемшіліктерді әділ сынады. Бізде, —деді, ол, —бюро мәжлісінде қаралатын мәселелердің қаулысының жобасы асығыс әзірленіп, ешбір түзетусіз қабылданады. Аудандық комитетке келіп түскен жоғарғы комсомол органдарының қаулылары мен бюро мүшелері таныстырылмайды.

Делегат **Беседин** жолдас аудандық комитеттің комсомол активтерімен тығыз байланыс жасап, солар арқылы жұмысты ұйымдастырмайтындығын, кейбір пленум мүшелері мен штаттан тыс нұсқаушылардың комсомол ұйымдарында мүлдем болмайтындығын айтты. Сонымен бірге, ол аудандық комсомол комитеті өзінің қабылдаған қаулы, қарарларының орындалуын ұйымдастырып, оған тиісті бақылау жүргізбейтіндігі жөнінде нақтылы фактілер келтірді.

Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі **Набоков** жолдас конференция делегаттарының назарын мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, пионер ұйымдарының жұмысын күшейтуге аударды.

Конференция комсомол ұйымдарының жұмысын жақсартуға бағытталған қаулы қабылдады және аудандық комсомол комитетінің жаңа құрамын сайлады.

Конференция соңынан аудандық комсомол комитетінің бірінші пленумы болып өтті. Пленум ұйымдастыру мәселесін қарады.

рын өткізді. Семинарға қатысушылар «Механизаторлар арасындағы мәдени-көпшілік жұмыстары», «Селолық летерийдің жұмысы жөнінде», «Селолық мәдени-ағарту мекемелері және деревнядағы социа-

лекциялар ғындады. Семинар соңында мәдени-ағарту мекемелерінің көктемгі егіс кезіндегі міндеттеріне арналған кеңес өткізілді.

К. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ,

ҚАРТ ЖЫЛҚЫШЫ

Жланов атындағы колхоздың (Преснов ауданы) жылқышысы **Қ. Мұстафин** колхозда жылқы басып көбейту ісіне келелі үлес қосып жүрген қарт жылқышы. Ол үстіміздегі жылы бірде-бір биенің қысыр

қалмауына жетісті. Әр биеден бір құлын алынуын қамтамасыз еткені үшін колхоз басқармасы **Мұстафин** жолдасқа сыйлыққа бір жабағы берді.

Т. БАИБАТЫРОВ,

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Аудандық кітапхананың жұмысы неге нашар?

Кітапхана—аудандағы мәдени орындарының бірі. Еңбекшілердің мәдениетінің және саяси білімінің өсуіне байланысты оның жұмысы да соған сай болуы керек. Алайда, кітапхананың жұмысы бұл талапқа сай болмай отыр.

Алдымен аудандық кітапхананың үйін табу қиынға түседі, өйткені, ол түпкірдегі бір шағын ғана, өзі қараңғы, лас бөлмеге орналастырылған.

Кітапхананың тарлығынан және оның меңгерушісі **Березина** жолдасының өз ісіне жауапсыз қарауынан мұнда кітаптарды қоятын полкалар да жасалмаған. Кітаптар үйдің екі бұрышында үюлі жатыр. Керекті кітаптарды табу үшін кітапхана қызметкері **Громова** жолдасының үюлі кітаптарды аударыстырып, төңкерістіріп жатқаны.

Кітапхананың кітап қоры да өте аз, оның салдарынан кітапханадан кітап алып оқушылардың саны күннен-күнге азайып барады. Мұнда, әсіресе 3—4 кластардың оқушылары үшін лайықты кітаптар өте аз. Кітап оқушылардың үштен бірі мектеп балалары. Мұны ескеріп, жас ұрпақтарды керекті кітаптармен қамтамасыз ету дегенді ойластырып жүрген ешкім көрінбейді.

Кітапханада өткен 1951 жылы бір рет оқушылар конференциясы өткізілуге белгіленіп еді, ол конференция өткізілмей қалды. Үстіміздегі жылғы 12 мартта өткізілуге тиісті конференция да баяндамашының дайындалмауы себепті өтпей қалды. Кітапхананың меңгерушісі **Березина** жолдас оқушылар конференциясын өткізуде өзінің дәрменсіздігін көрсетіп жүр.

Кітапхана қызметкерлерінің және активтерінің күшімен лекция оқылып, баяндама жасалған емес. Кітапханадағылар ай сайын жұмыс жоспарын жасағанына мәз болып, онда белгіленген шараларды жүзеге асыруға, айлық жоспар бойынша жұмыс істеуге дағдыланбай-ақ келеді.

Бұл кітапханадағы жұмыс жағдайын облыстық мәдени-ағарту бөлімінен келгендер де көріп жүр. Бірақ, олар кітапхананың жұмысын жақсартуға әлі көмектесе қойған жоқ.

Қонохов аудандық Совет аткомі мен аудандық партия комитеті кітапхана жұмысын жақсарту шараларын қарастырғаны жөн ғой дейміз.

Б. ЖӘКЕНОВ,

қытай шаруаларының оқуға мүмкіндік алды. Шаруалар деревняларда қысқы мектептерде оқитыны жоуда. «Чайна» журналының март айы меріндегі хабарларға Қытайда өткен қыста оқыған. Тек солтүстік ғана 2 миллион шаруа де оқыған, мұның өзі ғанда, оқыған шаруа артқандығын көрсетеді.

Қытай шаруаларына деген ынтасы күн с

«УДАРНИК» киесі

Бүгін және күн сайын

«ТАҒЫ БА

деген көркемсуретті Сеанстар сағат 6-8-1

ПЕТРОПАВЛДЫН САУ -ШОЙЫН ҚҰМ

барлық ұйымдарда ры мен колхоздар, фрезерлік ұсталық жасалатын жұмыстар заказдар қабылдайды. Адрес: Базар көш

МАЙ ЗАВОДТА АҒА БУХГАЛТІ

Қызмет жайы жөң қаласы, Қарағанды май өндірісі тресін алуға болады,

Бейнеткор машинациясының штампасы дан былай ол анық сын.

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-87, редактордың орынбасары — 1-88, редактордың орынбасары — 1-89, редактордың орынбасары — 1-90, редактордың орынбасары — 1-91, редактордың орынбасары — 1-92, редактордың орынбасары — 1-93, редактордың орынбасары — 1-94, редактордың орынбасары — 1-95, редактордың орынбасары — 1-96, редактордың орынбасары — 1-97, редактордың орынбасары — 1-98, редактордың орынбасары — 1-99, редактордың орынбасары — 1-100. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етімі — 0-23.